

Бекітемін
Мектеп директоры

«__» _____ 2025ж

2025-2026 оқу жылына арналған

ДЕФЕКТОЛОГТЫҢ ЖЫЛДЫҚ ЖҰМЫС ЖОСПАРЫ

Аты-жөні: Қуат Мөлдір Қуатқызы

Дефектологтың мақсаты: Мүмкіндігі шектеулі балаларға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету, олардың жеке ерекшеліктері мен мүмкіндіктерін ескере отырып, оқыту, тәрбиелеу және түзете-дамыту процесін ұйымдастыру, психофизикалық дамуындағы бұзылыстарды еңсеруге көмектесу және әлеуметтенуін қамтамасыз ету.

Дефектологтың міндеттері:

- 1) Мүмкіндігі шектеулі балаларға арнайы педагогикалық тексеру жүргізу және білім алушылардың ерекше білім алу қажеттіліктерін бағалау;
- 2) Даму мүмкіндіктері шектеулі балалардың психофизикалық даму бұзылыстарын еңсеру үшін жеке оқу, жеке-дамыту, түзету-дамыту бағдарламаларды әзірлеу және жүзеге асыру;
- 3) Жеке, топтық және кіші топтық сабақтар өткізу;
- 4) Ерекше білім беру қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатында мұғалімдермен, мамандармен және ата-аналармен бірлесе жұмыс жүргізу;
- 5) Мұғалімдерге, ата-аналарға оқыту мен тәрбиелеудің арнайы әдістері мен тәсілдерін қолдану жөнінде консультация беру;
- 6) Инклюзивті білім беру қағидаттарын жүзеге асыруға ықпал ету, балаларды әлеуметтендіру мен дамыту жұмыстарын ұйымдастыру;
- 7) Білім алушылардың даму динамикасын жүйелі түрде бақылау және нәтижелерін талдау.

Дефектологтың жұмысының негізгі бағыттары:

1. Диагностикалық бағыт;
2. Консультативтік бағыт;
3. Дамыту (түзету) бағыты;
4. Психологиялық-педагогикалық ағарту бағыты;
5. Ұйымдастыру –әдістемелік бағыты.

р/с	Іс-шаралар	Орындау мерзімдері	Жауаптылар	Есеп беру нысандары
I. Диагностикалық бағыт				
1.1	ПМПК қорытындылары мен ұсыныстарымен танысу, зерделеу	Қыркүйек	Дефектолог	ПМПК қорытындылары
1.2	Білім алушылардың, моторлық дағдыларын бағалау және оқу қиындықтарын анықтау;	Қыркүйек	Дефектолог	Диагностикалық карталар
1.3	Түзете-дамыту жұмысының табыстылығын және оқудағы жетістіктерді динамикалық зерттеу	Әр тоқсан сайын	Дефектолог	Түзете-дамыту бағдарламалары
1.4	Оқытуда қиындықтары бар балалардың ерекше білім беру қажеттіліктерін терең зерделеу және бағалау мақсатында сабақтарға қатысу	Жыл бойы	Дефектолог	Оқушыны оқу үдерісінде және оқудан тыс әрекеттерде бақылау хаттамасы
II. Консультативтік бағыт				
2.1	Ата-аналарды психологиялық-педагогикалық қолдау және кеңес беру (жеке және топтық)	Сұраныс бойынша	Дефектолог	Кеңесті тіркеу журналы
2.2	Мұғалімдерге ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды оқыту және тәрбиелеу мәселелері бойынша консультациялық қолдау көрсету (жеке, топтық)	Жыл бойы	Дефектолог	Кеңесті тіркеу журналы
2.3	«ЕББҚ бар оқушылардың оқу, жазу және санау дағдыларын қалыптастыруда мұғалімдерге практикалық кеңестер»	Қаңтар	Дефектолог	Кеңесті тіркеу журналы
III. Дамыту (түзету) бағыты				
3.1	МШ балаларға арналған жеке оқу бағдарламаларын құрастыру және жүзеге асыру	Қыркүйек Қаңтар	Дефектолог	Жеке оқу бағдарламалары

3.2	Түзете-дамыту бағдарламаларын құрастыру және жүзеге асыру	Қыркүйек Қаңтар	Дефектолог	Түзете-дамыту бағдарламалары
3.3	Жеке, кіші топтық, топтық түзете-дамыту сабақтарын жүргізу	Жыл бойы	Дефектолог	Түзете-дамыту сабақтарының жоспары
3.4	МШ балалармен жүргізілген түзете-дамыту жұмысының нәтижелерін талдау	Тоқсан сайын	Дефектолог	Түзете-дамыту бағдарламалары бойынша жетістіктерін белгілеу
IV. Психологиялық-педагогикалық ағарту бағыты				
4.1	Ата-аналарға бағалаудың мақсаты, міндеттері мен әдістері туралы түсінік беру және қолдаудың түрлері жөнінде ақпараттандыру	Жыл бойы	Дефектолог	Кеңесті тіркеу журналы
4.2	Семинар тақырыбы: «ЕББҚ бар оқушылардың үй тапсырмасын тиімді ұйымдастырудың әдістері мен ата-аналарға арналған ұсынымдар»	Қазан	Дефектолог	Ата-аналарға арналған ұсынымдар (үлестірмелі материалдар) Өткізілген жұмыстың анықтамасы
4.3	Семинар тақырыбы: «ЕББҚ бар балаларға оқыту процесін ұйымдастырудың тиімді тәсілдері (саралап және даралап оқыту)»	Қараша	Дефектолог	Өткізілген жұмыстың анықтамасы
4.4	Ата-аналарға арналған үлестірмелі материал дайындау: «Баланың танымдық процестерін (зейін, ес, ойлау) тиімді дамыту жолдары»	Желтоқсан	Дефектолог	Үлестірмелі материалдар
4.5	«Мүмкіндігі шектеулі балаларға кәсіптік бағдар беру» Ата-аналарға арналған кеңес	Қаңтар	Дефектолог Педагог-кәсіби бағдар беруші	«Қазақстан Республикасында мүгедектігі бар адамдарға ұсынылатын кәсіптер мен мамандықтардың атласы» негізінде жасалған үлестірмелі материал
4.6	Ғылыми-әдістемелік құралдарды зерделеу, тәжірибеде қолдану	Жыл бойы	Дефектолог	Әдістемелік құралдар картотекасы
4.7.	Біліктілікті арттыру курстарынан өту	Жыл бойы	Дефектолог	Біліктілікті арттыру курстарының сертификаттары

4.8.	Практикум тақырыбы: «Ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау ерекшеліктері мен тиімді тәсілдері»	Ақпан	Дефектолог	Өткізілген жұмыстың анықтамасы
4.9.	Ата-аналарға арналған семинар: «Мүмкіндігі шектеулі балаларды үй жағдайында қолдау: әдістер мен тәсілдер»	Сәуір	Дефектолог	Өткізілген жұмыстың анықтамасы
V. Ұйымдастыру –әдістемелік бағыты				
5.1	ППҚҚ кабинетін оқу-әдістемелік және арнайы құралдармен жабдықтау	Жыл бойы	Дефектолог	Оқу-әдістемелік және арнайы құралдар
5.2	Мүмкіндігі шектеулі балаларды мектепшілік сыныптан тыс іс-шараларға қатыстыру	Жыл бойы	Дефектолог	Фото есеп, қатысушылар тізімі
5.3	Дефектологтың құжаттарын рәсімдеу және жүргізу: 1) Жылдық жұмыс жоспары; 2) Сабақ кестесін құру; 3) Журналдарды толтыру: сабаққа қатысу, кеңестерді тіркеу.	Жыл бойы	Дефектолог	Жылдық жұмыс жоспары Сабақ кестесі Журналдар
5.4	Оқу-тәрбие және түзете-дамыту жұмыстарын ұйымдастыруға ұсынымдар әзірлеу және оларды педагогикалық кеңесте талқылау	Тоқсан сайын	Дефектолог	Мектептің педагогикалық кеңесінің хаттамасы
5.5	Пәнаралық өзара іс-қимылды қамтамасыз ету мақсатында ППҚҚ отырыстарына қатысу	Тоқсан сайын	Дефектолог	ППҚҚ отырыстарының хаттамалары
5.6	Дефектологтың қорытынды есебі	Мамыр	Дефектолог	Дефектологтың жартыжылдық, жылдық қорытынды есесбі

Дефектолог: